


Бекітемін: 
Мектеп директоры: Ж. Сундетов

«31» 08 2022 ж

Келісемін: 
ДТІЖО: Е. Хитрук

«31» 08 2022 ж

Амангелді орта мектебі
10 сыныптың тәрбие жұмысының жоспары

Сынып жетекшісі: Кабылканова Л.

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы басымдықтар білім алушылардың әл ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Оқушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту негізінде үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- Қоғамға еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың азаматтық, шығармашылық келбетін таныту;
- «Кітап оқу» бәйгесін ұйымдастыру арқылы оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру;
- Туған өлкенің тарихын, мәдениетін, дәстүрін терең зерделеуге тәрбиелеу;
- Отбасылық дәстүрлер, құндылықтар негізінде тәрбиелеу, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру;
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- Балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету;
- Білім алушыларды кемсітушілікке жол бермеу.

Күтілетін нәтиже:

- Білім алушылардың адами әлеуеті қалыптасып, адамгершілігі қалыптасады;
- Кітап оқуға құмар балалар саны артады;
- Туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау мәдениеті қалыптасады;
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі артады.
- Үйлесімді дамыған оқушы бейнесі қалыптасады.

Сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты:

«Қазіргі заман ағымына қарай жан-жақты дамыған, туған жерін Отанын сүйетін ұлтжанды, саналы, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар –ұжданы мол, бойында игі қасиеттер қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.»

Сыныптағы тәрбие жұмысының проблемалары:

«Баланы қоршаған ортамен қарым- қатынасы, өмірге деген көз қарасын қалыптастыру, болашаққа сеніммен қарау және алдағы жаңа форматтағы емтихандарға төзіп беру»

Күтілетін нәтиже:

Нәтижеге бағытталған білім бере отырып, көпмәдениетті, көптілді, толерантты, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Сыныптағы өтетін тәрбие сағаттарына уақытылы қатысымын қадағалап отыру;
2. Сыныптағы әр оқушының бір- бірінің сөздеріне құлақ асып, санасатырып, ұймшылдыққа үйрету;
3. Өз бетінше адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдай алатын оқушыларды қалыптастыру;
4. Сабаққа қатысымын үнемі қадағалап отыру;
5. Ата – анамен тығыз қарым қатынас жасау, сабақтарға қатыстыру.

Тәрбие бағыттары бойынша ұйымдастырылатын жұмыс түрлері Тәрбие тұжырымдамасында нақтыланған 9 бағыты бойынша жүргізіледі

I. Мақсаты

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан- жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылар бойында азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салты, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбиежүйесін дамыту және жаңғырту, патриотизмге тәрбиелеу.

Оқушылардың құқықтық сауатын жетілдіру, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білуге, өз бетінше ізденуге үйрету және әдеби кітаптарды оқуға баулу, білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіру. Ұлттық тәрбие жүйесін, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз және жоралғыларымызды дамыта отырып, ұлт аралық татулыққа баулу. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Туған жердің тарихы мен шежіресін зерделеп, зерттеуге бағыттау.

Оқушыларды мінез –құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу.

II. Міндеттері:

1. Балалар мен жасөспірімдерді азаматтыққа, адамгершілік пен имандылыққа отансүйгіштікке және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін, ана-тілін, дәстүрін және басқа да құндылықтар арқылы өз отбасын құрметтеуіне ықпал ету.
2. Азаматтық белсенділік көрсете алатын, саяси жүйені түсіне алатын тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге қалыптастыру.
3. Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт- бағдар беру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
4. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашақорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету. Ұлттық сана сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу
5. Тұлғаның еңбек дағдыларының, зияткерлік мүмкіндіктерінің, көшбасшылық қасиеттерінің және ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету. Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруға қабілетті, патриот тұлғаны тәрбиелеу

III. Нәтиже

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар:

жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар;

өзінің жұмысына жауапкершілікпен қарайтын және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылатын;

мәдениеттер мен көзқарастардың әр алуандығына құрметпен қарайтын;

өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайтын, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін және отбасылық сыйластық пен татулық, қамқорлық, сезімдері қалыптасады. Өмір бойы білім

алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайын тұлға болуға дағдыланады. Интернет кеңістегіндегі киберқауіпсіздік мәдениетін сақтайтын тұлға қалыптасады.

Тәрбиенің негізі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары

1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Басқа бағыттар

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР Ата заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	ҚР Білім туралы заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4				
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
I. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие				
Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.				
1	Өз құқығыңды білесің бе?	пікірталас	Сынып жетекші Сынып оқушылары	14.11
2	Тәуелсіздік-ел тірегі	бейнеролик жасау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	12.12
3	Еліміздің асыл тірегі- рәміздер	тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	9.01
4	Патриотизм мен адамзатты тәрбиелеу	тәрбие сағаты	Сынып жетекші	27.02

			Сынып оқушылары	
--	--	--	-----------------	--

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

1	Сыйластыққа себеп көп	дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	16.01
2	Ана тіршілік бастауы	бейнеролик	Сынып жетекші Сынып оқушылары	6.03
3	Нұр себеле -ұлыстың ұлы күні!	тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.03
4	Қоғамдық орындарындағы этикет ережелері	пікірталас	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.04

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

1	Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	12.09
2	Қазбек бидің 355 ж	Презентация қорғау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	17.10
3	Бірлігіміз жарасқан елміз	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	7.11
4	М. Әуезовтың 125ж	Презентация жасау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	23.01
5	Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүрегім	Эссе байқауы	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.03

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық қузыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

1	Отбасы құндылықтары	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.09
2	Тәрбие басы, тал бесік	сайыс	Сынып жетекші Сынып оқушылары	19.09
3	Отбасы- тәрбие бастауы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	30.01
4	Алдымен сүй ардақты ата- анаңды	Дөнгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	22.05

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

1	Мамандықтың бәрі жақсы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.09
2	Экология және біз	челенж	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.10
3	Су- тіршілік көзі	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	19.12
4	Еңбек бәрінде жеңеді	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.02

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

1	Ұялы телефонның пайдасы мен зияны	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.10
2	Сөйлеу мәдениеті – ел мәдениеті	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.12
3	Білім- инемен құдық қазғандай	Интеллектуалдық сайыс	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.04
4	Жемқорлыққа жол жоқ	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	29.05

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

1	Қазақстан халықтарының мәдениеті	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	21.11
2	Төрет ,құтты жаңа жыл!	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.12
3	Т. Бегалдиновтың 100 жылдығы	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.04
4	Роза Бағланованың 100 жылдығы	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	17.04

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

1	Дұрыс тамақтану	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.10
2	Жеке бас гигиенасы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	28.11
3	Дені сау ұрпақ- елдің болашағы	Спорттық сайыс	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.02
4	Нашақорлыққа жол жоқ	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.04